

БЕКІТЕМІН
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Павлодар облысы бойынша
ПҚБАИ директорының м.а.
Р. Ашимбетова
2019 ж



«Педагогикалық шеберлік – 2019» атты облыстық конкурс туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Педагогикалық шеберлік – 2019» облыстық Конкурстың (бұдан әрі – Конкурс) мақсатын, міндеттерін, негізгі кезеңдерін, ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Конкурс білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдарындағы педагогикалық ұжымдардың шығармашылық әрекеттерін дамытуға, педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін арттыруға, үздік білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесін таратуға, инновациялық әзірлемелер мен технологияларды қолдауға, қатысушылардың өңірдегі білім беруді дамытуға қосқан үлестерін көпшілік алдында танытуға бағытталған.

1.3 Конкурс ұйымдастырушысы – «Өрлеу» БАҰО» АҚФ «Павлодар облысы бойынша ПҚБАИ».

1.4 Конкурстың негізгі принциптері: ашықтық, ақпараттың қолжетімділігі, қатысушылар үшін жағдайдың теңдігі, шешім шығарудың алқаластығы.

Конкурстың мақсаты: білім беру саласындағы қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін арттыру, үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату.

Конкурстың міндеттері:

- жағымды білім беру тәжірибелерді тарату және айқындау, педагогикалық бастамаларды қолдау;
- инновациялық қызметінің идеялары мен тәжірибені жинақтау бойынша педагогикалық қоғамдастықтың қызметін интеграциялау;
- кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту;
- жаңа педагогикалық ойлауды қалыптастыру;
- өз жұмыс тәжірибесін жалпылау арқылы педагог қызметкерлердің рефлексивті іскерліктерін дамыту.

II. Конкурстың мазмұны мен жұмыс түрлері

2.1 Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады, оның құрамы «Өрлеу» БАҰО» АҚФ «Павлодар облысы бойынша ПҚБАИ» директордың бұйрығымен бекітіледі.

2.2 Конкурса түскен материалдарды бағалау мен сараптамасын өткізу мақсатында ғылыми дәрежесі мен атағы бар білікті мамандардан Сараптаушы кеңесі құрылады және ұйымдастыру Комитетінің төрағасымен бекітіледі.

2.3 Конкурстың өткізу тілдері: қазақ, орыс.

2.4 Конкурстың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін:

- пленарлық отырыстың ұйымдастырылуы;
- секцияларда қатысушылар жобаларының таныстырылымы ұйғарылады.

2.5 «Педагогикалық шеберлік – 2019» Конкурсының басым бағыттары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

«Жоспарланған нәтижелерден бірдей бастапқы мүмкіндіктерге»

Бастауыш білім беру

«Дамытушы білім беру ортасы бастауыш білім беру мазмұнының жаңарту ресурсы ретінде»

Орта білім беру

«Білім беру үдерісін технологиялау мектеп білім беру мазмұнының жаңарту ресурсы ретінде».

Қосымша білім беру

«Қосымша білім беру жағдайында азаматтық белсенділікті, патристизм мен көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру тұлға тәрбиелеу және әлеуметтендірудің негізі ретінде»

Техникалық және кәсіптік білім беру

«Экономиканың индустриялық-инновациялық даму жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту»

Арнайы және инклюзивті білім беру

«Арнайы және инклюзивті білім берудің тиімді педагогикалық технологиялары»

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

Өңірдің білім беру ұйымдарында «Рухани Жаңғыру» ұлттық бағдарламасының мәнмәтінінде жүйекұрушы құндылықтарды қалыптастыру.

III. Конкурсты өткізу технологиясы

3.1 Конкурс екі кезеңнен тұрады:

- сырттай;
- күндізгі.

3.2 Өткізу мерзімі:

- сырттай кезең: конкурс материалдары мен тіркеу нысандары **21 қаңтардан 01 мамырға** дейін қабылданады (1-қосымша).

- күндізгі кезең: **2019 жылдың 29 мамыры**.

3.3 Филиалдың Ұйымдастыру комитеті Конкурстың күндізгі кезеңінің өткізу орны мен мерзімін белгілейді, өткізу мен ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспарын құрастырады, Сараптаушы кеңесінің жұмысын қамтамасыз етеді.

IV. Конкурса қатысу тәртібі

4.1 Конкурса қатысуға педагогикалық ұжымдар, педагог қызметкерлер, келесі деңгейлердегі білім беру ұйымдарының басшылары: мектепке дейінгі, бастауыш, орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру, түрі мен меншік нысанына, ведомстволық тиістілігіне қарамастан интернаттық білім беру ұйымдары қызметкерлері шақырылады.

4.2 Конкурс қатысушылары жеке орындаған жұмыстарын, сонымен қатар, авторлық ұжыммен орындаған жұмыстарын ұсына алады.

4.3 Конкурстың басым бағыттарына сәйкес қатысушылар жұмыстары келесі түрде болу мүмкін: инновациялық жоба; авторлық әзірлеме; білім беру ұйымының даму жоспары.

4.4 Конкурстың барлық материалдары мен өтініштері үлгісі бойынша (1-қосымша) «Өрлеу» БАҰО» АҚФ «Павлодар облысы бойынша ПҚ БАИ» Ұйымдастырушы комитетіне **2019 жылдың 01.03.** дейін **ipk_pavlodar@mail.ru** электрондық поштаға жіберілуі тиіс.

4.5 Конкурстың екінші кезеңінің өткізу түрі – **күндізгі**, автордың сөз сөйлеуі Power Point, Prezi.com арқылы берілуі тиіс.

4.6 Материалдар көлемі 10 бетке дейін басылым түрінде ұсынылуы тиіс, қаріп – Times New Roman-14, интервал – 1,5; жиектері: жоғарғы – 2, төменгі – 2, сол жақ жиегі – 3, оң жақ жиегі – 1,5.

4.7 Қатысушының жұмысы мен фотолары (jpg , форматы *) жеке файлдарда атауы қатысушы Тегімен көрсетіліп, рәсімделеді (мысалы, Иванов.jpg, Иванов.docx).

4.8 Үлгі бойынша құрастырылмаған және кешіктіріп жіберілген конкурс материалдары қарастырылмайды. Конкурс қатысушының жұмысына авторлық құқығы сақталады.

4.9 Конкурстың Ұйымдастырушы комитеті өзіне жекелеген жұмыстарды сайтта жарияламау, талаптарға сәйкес келмейтін жекелеген тіркеу нысандарды қабылдамау құқығын қалдырады.

4.10 Конкурсты ұйымдастырушылар Сараптаушы кеңес мүшелерінің бағаларын, бағалау кестелерін және барлық конкурс қатысушыларының толық рейтингісін жарияламайды.

4.11 Конкурса жұмысын жібере отырып, қатысушы өзінің келісімін береді:

- осы ереженің барлық бөлімдеріне;
- өзінің жеке мәліметтерін өңдеуге;
- жұмысты жариялауға;

- ақпараттандыру үшін Конкурстың барлық деңгейлері мен жаңалықтары туралы жіберілімді алуға.

V. Ұсынылған материалдың критерийлері

5.1 Инновациялық жобаларды бағалау критерийлері

1. Жоба мазмұнының Конкурс бағыттарына сәйкестігі.

2. ҚР білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігі, жұмыс тақырыбының өзектілігі.
3. Мәселенің мазмұндық және нақты қойылымы.
4. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі, тақырыптың өзектілігін негіздеу.
5. Мазмұндаудың ғылыми стилі.
6. Жоба идеясының түпнұсқалығы.
7. Жаңашылдық.
8. Тәжірибеге енгізу болашағы.
9. Материалдың дәйектілігі және логикалық ұсыну. Практикалық іске асыру деңгейі, нәтижелілік, рефлексия.
10. Әлеуметтік маңыздылығы.

Әр критерий бойынша 0-ден 2-ге дейін балл қойылады (жүзеге асырылмады (0 балл), жартылай жүзеге асырылды (1 балл), толығымен жүзеге асырылды (2 балл)).

Қатысушының тыныстыру құзыреттілік деңгейі жеке бағаланады – максималды 2 балл.

Максималды баллдар саны – 22.

5.2. Авторлық әзірлемені бағалау критерийлері

1. Әзірлеме тақырыбының өзектілігі.
2. Білім алушылар үшін жаңашылдық дәрежесі, өнімді қызмет тәсілдерін дамыту үшін бағытталуы.
3. Әзірлеме құрылымының осы басылым түріне қойылатын талаптарға сәйкестігі.
4. Әзірлеменің барлық құрылымдық элементтерінің өзара байланысы.
5. Материалдардың білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және ғылымилық қағидаларына сәйкестігі.
6. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейіне қойылатын талаптардың болуы.
7. Әзірлеменің әдістемелік қамтамасыз етуі.
8. Әзірлеменің мәдени рәсімделуі (бағдарлама мазмұны мен сыртқы нысанының тұтастығы, заманауи техникалық құралдардың пайдалануы).

Әр критерий бойынша 0-ден 2-ге дейін балл қойылады (жүзеге асырылмады (0 балл), жартылай жүзеге асырылды (1 балл), толығымен жүзеге асырылды (2 балл)). Қатысушының тыныстыру құзыреттілік деңгейі жеке бағаланады – максималды 2 балл.

Максималды баллдар саны – 18.

5.3. Білім беру ұйымының даму бағдарламасын бағалау критерийлері.

1. ҚР білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігі, өзектілігі. Даму стратегиясының теориялық негіздемесінің болуы.
2. Білім беру үдерісінің ағымдағы сапасын көрсететін аналитикалық бөлімінің болуы (жағдайлар сапасы, ресурстар сапасы, нәтижелер сапасы).
3. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің шынайылығы, олардың ұйым қызметінің миссиясына сәйкестігі.

4. Алға қойған мақсатқа қол жеткізу, қойылған міндеттерді іске асыруға қолданылып жатқан шаралардың бағыты.

5. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуде нақты мерзімдері мен индикаторлардың болуы.

6. Бағдарламаның мәдени рәсімделуі (бағдарлама мазмұны мен сыртқы нысанының тұтастығы, заманауи техникалық құралдардың пайдалануы).

Әр критерий бойынша 0-ден 2-ге дейін балл қойылады (жүзеге асырылмады (0 балл), жартылай жүзеге асырылды (1 балл), толығымен жүзеге асырылды (2 балл)).

Қатысушының тыныстыру құзыреттілік деңгейі жеке бағаланады – максималды 2 балл.

Максималды баллдар саны – 14.

Ескерту. Талқылауды қоса алғанда қатысушының сөз сөйлеу максималды уақыты 10 минут.

Қатысушыларға жұмысын таныстыру үшін мультимедиялық құрал ұсынылады (ноутбук, мультимедиялық проектор).

5.4. Материалдар талаптарға сәйкес рәсімделу қажет (2-қосымша).

5.5. Конкурс нәтижесі бойынша қатысушылардың материалдары бысылым жинағында шығады. Әр қатысушыға материал **жинағы** беріледі (pdf-форматта).

VI. Қорытындылар шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1 Сараптамалық бағалар негізінде конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады.

6.2 Конкурс нәтижелері <http://orleupvl.kz/> сайтында **2019 жылдың 20 мамырына дейін** жарияланады.

6.3 Конкурсқа қатысқандығын дәлелдейтін, барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

6.4 Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен марапатталады.

VII. Байланыс ақпараты

7.1 «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Павлодар облысы бойынша ПҚ БАИ», инновациялық дамуды әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі, мекенжайы: Павлодар қ., Ген. Дүйсенов көшесі, 22/1-үй, №36 кабинет.

7.2 Конкурс туралы барлық ақпарат «Өрлеу» БАҰО» АҚФ сайтында: <http://orleupvl.kz/> орналастырылады.

7.3 Байланыс телефоны: 8 (718 2) 320483

**«Педагогикалық шеберлік-2019»
облыстық конкурса қатысудың
тіркеу нысаны**

Ұйым жөнінде ақпарат

(Жарғыға сәйкес мекеменің толық атауы)

Пошталық мекенжайы:

Байланыс

телефоны: _____

Факс: _____

E-mail: _____

Автордың аты-жөні (толығымен):

«Педагогикалық шеберлік-2019» Конкурс бағыты мен жұмыс тақырыбы:

Жұмыстың қысқаша аннотациясы (андатпасы):

ББҰ басшысы: _____

колы А.Т.Ә.

« ____ » _____ 2019 ж.